



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ғылыми танымдары мен өзекті мәселелері Қазақстандағы қоғамдық қатынастарды реформалаудың барлық кешенді мәселелерімен тығыз байланыста. Сондықтан да қоғам бойындағы бұл кесепат кеселмен күреске мемлекетіміз айрықша мән беріп отыр.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары сияқты қоғамға қауіпті іс-әрекеттер мемлекетіміздің басқару жүйесіндегі сәйкесті буындарды тұншықтырып, олардың қалыпты, заңды қызмет жасауына кедергі келтіреді. Ал, іс жүзінде бірқалыпты дұрыс қызмет атқаратын мемлекеттік органдардың қызметі ғана қоғамның экономикалық дамуына, оның мүшелерінің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қабілетті. Осыған орай мемлекеттік басқару жүйесін қорғау, оған қылмыстық қол сұғуды болдырмау ең маңызды мәселе болып табылады. Өйткені мемлекеттік аппарат қоғамды басқару жүйесінің қажеттілігі, басқару жүйесіндегі әр түрлі процестердің реттеушісі болып табылады.

Жалпы сыбайлас жемқорлықпен күресу жеке адамдардың немесе жекелеген топтың ғана емес мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы. Осыны шынайы орындау үшін әрбір лауазым иесі өзінің жандүниесін ұдайы таза, адал ұстауы тиіс. Сонда ғана олар қарапайым халықтың сенімін ақтап, қоғамның тежеусіз дамуына үлес қосқан болар еді. Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу – мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы, осы кеселге қатаң бағытталған мемлекеттік бағдарлама жоғары деңгейдегі жауаптылықпен іске асырылуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашада қабылданған.
3. <http://malimetter.kz/syбайлас-zhemkorlyk-kylmystarynyn-tusinigi/>

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІНІҢ «ПРЕЗИДЕНТТІҢ БЕС ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАСЫ» АТТЫ ХАЛЫҚҚА ҮНДЕУІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жанбырбаева Г.Р

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Құқықтану»

мамандығының 1 курс студенті

Ғылыми жетекші-Ибрагимов Ж.И.-з.ғ.д., профессор

2018 жылғы 5 наурызда Мемлекет басшысының қатысуымен Парламент Палаталары мен Үкіметтің бірлескен отырысы өтті. Оның барысында Президентіміз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына үндеу жасады.

«Мен халқымның өз келешегіне сеніммен қарауы үшін еңбек еттім, қазір де, болашақта да осы мақсат жолында жұмыс істей беремін. Сол себепті, мен бүгін Қазақстан Республикасы Парламентінің қабырғасынан жаңа әлеуметтік бастамалар көтеріп, халқыма үндеу жариялағалы отырмын. Бұл қадам талайдан бері менің көкейімде жүр. Бірақ, Қазақстан алдымен бойына күш, қазынасына қаржы жинап, қуатты елге айналуы керек еді. Міне, сол күн де туды! Бұл – біздің қоғамның әлеуметтік бірлігін нығайту үшін жігерімізді жанып, нақты іске кірісетін сәт. Біз оны ауқымды әлеуметтік жобалар арқылы жүзеге асырамыз», - дейді Нұрсұлтан Әбішұлы.[1]

Елбасымыз әлеуметтік жаңғыруға бағытталған бес бастаманы белгілеген болатын. Олардың қатарында баспана алудың жаңа мүмкіндіктері, жалақысы төмен жұмысшылардың

салық жүктемесін азайту, жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру, шағын несиені беруді көбейту және елді газбен қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған болатын.

Мемлекет басшысының жаңа үндеуін халық жылы қарсы алған болатын. Несиені несибем деп түсінетін заманда үй-күйсіз жүрген қалың қараша елең етті. Президент халыққа баспананы қолжетімді еткізді. Салықты төмендетіп, оқу гранттарын 20 мыңға арттырды. Студенттер жатақханамен қамтылып, 1,5 жылда Астанаға газ жететін болды. Енді рет-ретімен. Бірінші бастама бойынша баспана жайы шешілмек. Президент несиенің пайыздық үстемақысын 7 пайыздан асырмауды тапсырды. Бастапқы жарна - 20 пайыздан артық болмауы керек. Ал несиелеу мерзімі 25 жылға дейін ұзартылды. Ол үшін Ұлттық банк кемінде 1 триллион теңге қаржы тартатын арнайы компания құрып, ол қаржыны банктердің жоғарыда айтылған шарттар бойынша беретін жаңа ипотекалық несиелерін сатып алуға жұмсауы қажет. Алайда, Ұлттық банктің төрағасы Данияр Ақышев тапсырманы мұқият жазып алғысы келді ме, әлде міндет ауыр ма, әйтеуір басын көтермеді. [2]

Халықаралық ғылыми жобалар қызметінің басшысы, саяси ғылымдардың кандидаты Мәриан Әбішева былай дейді:

– Осыдан 10 жыл бұрын «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Мемлекет басшысының Жолдауында барлық қоғамдық сатыдағы отандастарымыздың әлеуметтік жағдайын ұдайы жақсартып отыру – мемлекет саясатының басты мақсаты екені жазылған. Бүгінде біз саяси бағдарымыздың әлеуметтік бағыты өзгеріссіз қалғанын байқаймыз. «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуі әлеуметтік жауапты мемлекет құру бағытының сабақтастығын дәлелдеді.

«Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» атты Президенттің бірінші бастамасын ең маңызды бастама ретінде қарастыруға болады. Елбасының өзі белгілегендей, баспана мәселесі – «айрықша әлеуметтік маңызы бар мәселе». Меніңше, оны ұлттық идея деңгейінде қарастыруымыз керек.

Адамзат баласы үшін әлемдегі ең керемет мекен – өзі мен жанұясы берекеде тұрып жатқан жер саналады. Дәл сол сияқты, «үй» деген түсінікке әркімнің көзқарасы бөлек. Үй – тек сәулет құрылысы емес, ол туған ошақтың жылуымен де шектеле қоймайды. Ол құндылықтар мен ұстанымдарға толы адамның жеке әлемі. «Үй» – біздің өмірімізді мән-мазмұнға толтыратын негіз. Жаңа идеология, жаңа құндылықтар мен даму мақсаттары қажет болған жағдайда алысқа барудың керегі жоқ. Патриоттық тәрбие берудің күрделі құрылысын жасауда жаңалық ашудың да қажеттілігі жоқ. Халықтың санасын «ең күштісі – менің үйім», «ең мықтысы – менің елім», сондай-ақ «менің үйім – менің елім» деген түсініктерге ұйытқан жөн, - деп ойын Мәриан Асарқызы түйіндеді. Президенттің екінші әлеуметтік бастамасы - жалақысы төмен жұмысшылардың салығын азайту. [1,2]

Бірінші бастама туралы отандық ғалымдар өз пікірлерін осылай қорытындыласа. Екінші және үшінші бастама туралы пікірді қызу талқыға салған голландия ғалымдарын пікірін қарастырып өтпесек болмайды. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бес әлеуметтік бастамасын Нидерланд сарапшылары да қызу талқылап жатыр. Айтуларына, Президенттің үндеуінде қамтылған барлық мәселелер елдің дамуын жеделдетіп, Қазақстан халқының тұрмыс-тіршілігін арттыруға сеп. «Салықтың төмендеуі, білім беру жүйесіндегі гранттар мен микрокредиттің тиімді шарттары қарапайым халық пен отандық кәсіпкерлер үшін қомақты қолдау», - дейді голландиялықтар. Арнольд Утама, «Global Marketing Experience» компаниясының директоры:

- Маған үндеудегі жоғары білім алу қолжетімді болады дегені қатты ұнады. Өйткені, ел дамуының басты кепілі білім, білімді жастар екені даусыз. Сонан соң, шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсетіп, салықты төмендету - ұтымды шешім. Президент мұның барлығын халықтың игілігі үшін жасап жатқаны көрініп тұр. Яғни, Президент Н. Назарбаевтың 5 бастамасы да елдің, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартудың алғышарты. Сондықтан, осы бастамаларды сәтті жүзеге асыруға тілектеспін. [3]

Төртінші – шағын несиелеуді көбейту бастамасын талқылау аясында сарапшылар кәсіпкерлік үшін қаржы ресурстарының қолжетімділігін арттыру үшін, бірінші кезекте, пайыздық мөлшерлемені азайту мен шағын несиелеу мерзімін ұлғайтудың қажеттігін атап көрсетті.

Сонымен қатар, шағын несиелеуді жылдам арттыру үшін кезең-кезеңмен орындалатын лайықты жүйеленген іс-әрекет тәсілі қажет. Бірінші кезеңдерде, бәлкім, салыстырмалы тұрғыда жеңіл несиелік жүйені құру қажет болар, негізінен, бұл ретте шағын несиелеудің стандарттық пакетіне көбірек көңіл аударылуы мүмкін. Кейінірек, бұдан гөрі, түрлі тауашалы нарықтардың сұранысын есепке алатын әралуан қызметтер енгізілуі мүмкін.

Бесінші – елді газбен қамтамасыз ету бастамасы бойынша, сарапшылар газ құбырының құрылысы қызмет көрсету саласының дамуына қосымша серпін беретіндігін, өңірлердегі жұмыссыз халықты тұрақты жұмыс орнымен қамтуға, жаңа кәсіп игеруге әкелетіндігін атап көрсетті. Бұл ретте өңірлерді газбен қамтамасыз ету өңіраралық байланыстардың нығаюы мен облыстардың арасындағы экономикалық айналымның өсуіне, газ өндіру мен тұтынудың артуына алып келмек. Ал ол өңірлік экономиканың ахуалына оң әсер етеді.[4]

Осы бастамаларды талқылай отырып біз барлық аталған және сарапталған мәселелердің орынды екенін көрумізге болады. Қорытындылай келе мен президентіміздің барлық мәселені қамтығанын көрдім, бірақ осы бастамаларға тағы ауыл шаруашылығын және медицина салаларын дамытуға арналған шаралар қосылу керек деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҒАЛЫМДАР «ПРЕЗИДЕНТТІҢ БЕС ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАСЫ» АТТЫ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ХАЛЫҚҚА ҮНДЕУІН САРАЛАДЫ

<http://presidentlibrary.kz/kk/news/galymdar-prezidenttin-bes-leumettik-bastamasy-atty-memleket-basshysynyn-halykka-undeuin>

2. Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа арналған үндеу жарияланды ASTANATV.KZ <http://www.astanatv.kz/news/show/id/65144.html> © Astana TV

3. ЕЛБАСЫНЫҢ БЕС ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАСЫН НИДЕРЛАНД САРАПШЫЛАРЫ ТАЛҚЫЛАУДА <http://kaztrk.kz/news/prezidenttin-bes-aleumettik-bastamasy/elbasynyn-bes-aleumettik-bastamasy-niderland-sarapshylary-talqylyuda-110917>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ ЭНДАУМЕНТАЛДЫҚ ҚОРЛАРЫН ЕНГІЗУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жаңбырбаева Гүлнази Рахметоллақызы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультетінің 1-курс студенті.

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.м.,
аға оқытушы Мырзатаев Н.Д.
muxametnur@mail.ru

Түйіндеме

Аталған мақалады еліміздің жоғары білім беру жүйесіне шет елдің эндаументалдық қорларын енгізудің құқықтық және экономикалық мәселелерін талдау байқалады. Автор шет елдің ЖОО эндаумент қорларының қызметі мен оның құзыреті баяндалған. Мақа авторлары эндаументке жалпы түсінік беріп және оның тарихына қысқаша тоқталып өткен. Сонымен қатар отандық білім беру жүйесіне де оның еніп отырғанын баяндайды.

Кілттік сөздер: Эндаументтік қор, қаржылық институттар, ЖОО, Университет, жоғары білім беру жүйесі.

Ең алғашқыдан бұл тақырыпты жазбас бұрын эндаумент дегеніміз не? Осы сұраққа жауап жазып көрейін. Эндаумент яғни нысаналы капитал (ағылшын endowment) коммерциялық емес мақсаттарда пайдалануға арналған, әдетте, білім беру, медициналық